Конкурстың №15864165-1 қорытындылар туралы хаттамаға

шағым

Маңғыстау облысының білім басқармасының **Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің №10 "Ақбота бөбекжайы" жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны** ұйымдастырушысы *(бұдан әрі-ұйымдастырушы)*

БИН 150740012652 болып табылатын **№15864165-1** «Азық-түлік сатып алу» мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысқан болатынбыз.

Конкурстың **№15864165-1**

қорытындылар туралы хаттамасымен әлеуетті өнім беруші ЖК Жуматов И Т қорытындысмен келіспейді.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 санды «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Қағиданың *(әрі қарай-Қағида)* 8-қосымшасының 1-тармағында Әлеуетті өнім берушінің тиісті аймақта конкурстың мәні болып табылатын тауар нарығындағы өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі әр 12 айға 1 балдан, бірақ 5 балдан аспайды делінген.

Қағиданың 8-қосымшасының Ескертпесінің 1-тармағына сәйкес, 1-тармақ бойынша конкурс өткізілетін тиісті аймақта ағымдағы жылдың өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесінің болуы тауарларды жеткізу кезеңі, осы шарттарды орындаудың әрбір айы үшін тауарларды қабылдау-тапсыру актілері көрсетіле отырып, бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен расталады.

Бұл ретте бір кезең ішінде тауарларды бір мезгілде бірнеше ұйымға (бірнеше тапсырыс берушіге) жеткізу кезінде деректер жинақталмайды;

«ЖК Дәулет» 7-жыл жұмыс тәжірибесі көрсетілген келісім-шарттардың барлығы ЖК Тилегенова Р.Т құжаттармен толықтырылған. ЖК-дің атауы өзгерген жәйлі жазбаша хаттамасы тіркелмеген.

"BASTAU region-12" ЖШС-2019,2020,2021,2022,2023,2024,2025 жылдың жұмыс тәжірибесін ұсынған.

2021ж келісім-шарттың 1қосымшасы бағасы, қантар және сәуір айы қабылдау-тапсыру актілері бағасымен сәйкес келмейді.

14.07.2023 жылғы №4 (150840001829/230002/01) және 23.08.2023 жылғы № 10 (150840001829/230002/02) Тауарды қабылдап алу-беру актісінде 2023ж қосымша келісім шарт көрсетілмеген.

2020-2021жылы елімізге індет келіп (пандемия) бала-бақшалар жұмысын тоқтатқан болатын. 8-қосымшасының 1-тармағында Әлеуетті өнім берушінің тиісті аймақта конкурстың мәні болып табылатын тауар нарығындағы өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі әр 12 айға 1 балдан, бірақ 5 балдан аспайды делінген. Пандемия уақытында жұмыс тәжірибесі қалай толды?

«BEKONS» ЖШС 2019,2021,2022 жылдарға келісім-шарттың 1қосымшасы және сатып алынатын тауарлар тізімі жоқ шарттарды ұсынды. Осыған сүйене отырып, 2019,2021,2022 жылдарға арналған келісім-шарттардың мазмұны түсініксіз: 1.1-тармақ. Азық-түлік өнімдерін жеткізу тек 1 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылатыны көрсетілген. Шарттың және бір айға төлемді көрсететін және 1 қосымша шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. 2.1-тармақ. Шарттың бағасы және жалпы құны.

Сондай-ақ, конкурстық комиссия «Облыстық санаториялық мектеп-интернатымен өнім берушінің **17.03.2022 жылы №22** келісім шарты бойынша ұпайларды қате берілген. Яғни 2022 жылдың қаңтар-ақпан айына тауарды қабылдап алу-беру актісі тіркелмеген.

2023жыл тауарды қабылдап алу-беру актілері тіркелген, **13.07.2023 жылғы № 3/2 (990640001435/230003/02) және 24.11.2023 жылғы № 3/03 (990640001435/230003/03)** қосымша келісім шарт көрсетілмеген.

Шағым Заңның 47-бабының 5-тармағына сәйкес мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралғанын атап өткен жөн. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес Сіз әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылысыз.

Бұл ретте, Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі міндетті болып табылады.

ИП Жуматов И.Т

31.01.2026ж